ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жыл 20 қыркүйек №5265-24-00-2/2651 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.Қонысбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:

Дара кәсіпкер «MB Group» атынан Молдақұл Майра Бекмұратқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы
3. келісім шарты бұзу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шымкент қаласының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «MB Group» атынан Молдақұл Майра Бекмұратқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «MB Group» атынан Молдақұл Майра Бекмұратқызынан мемлекет пайдасына 13 079 (он үш мың жетпіс тоғыз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 392,27 (үш жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 20.09.2024
5265-24-3-1/2804
Заңды күшіне енген күні 11.11.2024 сотья Конысбаева Д М 11.11.2024

АПК-нің 267-4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Д.М.Қонысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Қонысбаева Д. М., 20.09.2024

5265-24-3-1/2804

Заңды күшіне енген күні: 11.11.2024 Судья Қонысбаева Д. М. 11.11.2024